

ҚР Жоғарғы сотына

**Алматы қалалық сотына
Алматы қаласы Бостандық
аудандық сотына**

Н.И.Иванченконың сенімді
өкілі - Ж.С. Сапархановадан
Алматы қаласы, Өтеген батыр

Алғыс хат

2016 жылдың 07 қазанында Алматы қаласы Бостандық аудандық сотына талапкер Н.И.Иванченко өзін мүлікке меншік құқығы (иелену құқығы) ретінде тану туралы талап арызбен жүгінді.

1990 жылы ордер негізінде алған жылжымайтын мүлігін 2007 жылдан бері, яғни 10 жыл бойы аталған жылжымайтын мүлігіне меншік құқығын ала алмай, жылжымайтын мүлігін заңдастыра алмай келген азаматша И.Н. Иванченконың азаматтық ісіне 06.02.2017 ж.күні нүкте қойылды.

Аталған азаматтық істі 4 ай бойы қараған судья А.Т. Абайдельдинова ханым істі жан-жақты, объективті қарап, заңды, негізді, әділ шешім шығарды.

Судья үшін әрбір қараған ісінің нүктесін қою, шешімін шығару оңайлыққа түспесі анық. Ал, судья болып шешім шығару - адамнан үлкен жауапкершілікті, тыңғылықты жұмысты, зерделік пен парасаттылықты, адалдық пен ұстамдылықты, көрегенділікті талап етеді.

Осы аталған қасиеттердің барлығы судья А.Т. Абайдельдинованың бойынан табылды. Оның аянбай еткен еңбегінің жемісі деп білеміз.

Сондықтан да, Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының судьясы А.Т.Абайдельдинованың адамгершілік пен азаматтықтығына алғысымызды білдіре отырып, істі заңды, әрі әділ түрде қарағаны үшін Алматы қалалық соты, Алматы қаласы Бостандық аудандық соты басшылығы тарапынан алғыспен марапаттауды сұраймыз.

08.02.2017ж.

Талапкер Н.И.Иванченконың сенімді өкілі: Ж.С. Сапархановадан